<p>11.7. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында басшы жұмыскерлерге қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс.</p> <p>Акционер бекіткен Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.</p>	<p>11.7. Членом Совета директоров Общества может быть только физическое лицо.</p> <p>Лица, избираемые в состав Совета директоров Общества, должны соответствовать требованиям, предъявляемым законодательством Республики Казахстан к руководящим работникам.</p> <p>Положением о Совете директоров Общества, утвержденном Акционером, могут быть установлены дополнительные требования, к лицам, избираемым в состав Совета директоров Общества.</p>
<p>Қоғамның Басқарма мүшелері, оның Басқарма Төрағасынан басқа, Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын, не ашық дауыс беру арқылы сайланады.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесі, кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның</p>	<p>Члены Правления Общества, кроме Председателя Правления, не могут быть избраны в Совет директоров Общества. Председатель Правления Общества не может быть избран председателем Совета директоров Общества.</p> <p>Число членов Совета директоров Общества должно составлять не менее трех человек. Не менее тридцати процентов от состава Совета директоров Общества должны быть независимыми директорами.</p> <p>Председатель Совета директоров Общества избирается из числа его членов большинством голосов от общего числа членов Совета директоров Общества тайным либо открытым голосованием.</p> <p>Совет директоров Общества вправе в любое время переизбрать Председателя.</p> <p>Председатель Совета директоров Общества организует работу Совета директоров Общества, ведет его заседания, а также осуществляет иные функции, определенные действующим законодательством Республики Казахстан и положением о Совете директоров Общества.</p> <p>В случае отсутствия Председателя Совета директоров Общества его функции осуществляет один из членов Совета</p>

<p>функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.</p>	<p>директоров Общества по решению Совета директоров Общества.</p>
<p>11.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша не келесілердің талаптары бойынша шақырылуы мүмкін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің; 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің; 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның; 4) Акционердің. 	<p>11.8. Заседание Совета директоров Общества может быть созвано по инициативе Председателя Совета директоров или Правления Общества либо по требованию:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) любого члена Совета директоров Общества; 2) Службы внутреннего аудита Общества; 3) аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества; 4) Акционера.
<p>11.9. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына қойылады.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын, егер Қоғамның Жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс және онда отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы мәліметтер, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі қамтылуға тиіс.</p> <p>Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Қоғамның Директорлар</p>	<p>11.9. Требование о созыве заседания Совета директоров Общества предъявляется Председателю Совета директоров Общества посредством направления соответствующего письменного сообщения, содержащего предлагаемую повестку дня заседания Совета директоров Общества.</p> <p>В случае отказа Председателя Совета директоров Общества в созыве заседания инициатор вправе обратиться с указанным требованием в Правление Общества, который обязан созвать заседание Совета директоров Общества.</p> <p>Заседание Совета директоров Общества должно быть созвано Председателем Совета директоров или Правлением Общества не позднее 10 (десяти) календарных дней со дня поступления требования о созыве.</p> <p>Заседание Совета директоров Общества проводится с обязательным приглашением лица, предъявившего указанное требование.</p> <p>Уведомление о проведении заседания Совета директоров Общества должно быть разослано членам Совета директоров Общества не менее чем за 1 (один) рабочий день до даты проведения заседания Совета директоров Общества и должно содержать сведения о дате, времени и месте проведения заседания, а также повестку дня заседания Совета директоров Общества.</p> <p>Материалы по вопросам повестки дня представляются членам Совета директоров</p>

<p>кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылады.</p> <p>Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (АҚ туралы Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтуға тиіс. Қоғамның мәміле жасасуына мүдделі тұлғалар Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті:</p> <p>1) олардың 3 (үш) жұмыс күні ішінде мәміле тарапы болып табылатындығы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;</p> <p>2) өздері аффилирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде өздері дербес немесе өздерінің аффилирленген тұлғаларымен бірлесіп дауыс беретін акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп процентін иеленетін заңды тұлғалар туралы және олар органдарында қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;</p> <p>3) олар мүдделі тұлғалар деп танылуы мүмкін өздеріне белгілі жасалатын немесе болжанатын мәмілелер туралы.</p>	<p>Общества не менее чем за 1 (один) рабочий день до даты проведения заседания Совета директоров Общества.</p> <p>В случае рассмотрения вопроса о принятии решения о заключении крупной сделки и (или) сделки, в совершении которой имеется заинтересованность, информация о сделке должна включать сведения о сторонах сделки, сроках и условиях исполнения сделки, характере и объеме долей участия вовлеченных лиц, а также отчет оценщика (в случае, предусмотренном пунктом 1 статьи 69 Закона об АО). Лица, заинтересованные в совершении Обществом сделки, обязаны довести до сведения Совета директоров Общества информацию:</p> <p>1) о том, что они являются стороной сделки или участвуют в ней в качестве представителя или посредника в течение 3 (трех) рабочих дней;</p> <p>2) о юридических лицах, с которыми они аффилированы, в том числе о юридических лицах, в которых они владеют самостоятельно или совместно со своими аффилированными лицами десятью и более процентами голосующих акций (долей, паев), и о юридических лицах, в органах которых они занимают должности;</p> <p>3) об известных им совершаемых или предполагаемых сделках, в которых они могут быть признаны заинтересованными лицами.</p>
<p>11.10. Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге арналған кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысы болуға тиіс.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Егер АҚ туралы Заңда өзгеше көзделмесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.</p> <p>Дауыстар тең болған кезде Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің</p>	<p>11.10. Кворум для проведения заседания Совета директоров Общества должен быть не менее половины от числа членов Совета директоров Общества.</p> <p>Каждый член Совета директоров Общества имеет один голос. Если иное не предусмотрено Законом об АО, решения Совета директоров Общества принимаются простым большинством голосов членов Совета директоров Общества, присутствующих на заседании.</p> <p>При равенстве голосов голос Председателя Совета директоров Общества или лица, председательствующего на заседании Совета директоров Общества, является решающим.</p>

<p>отырысына төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.</p>	
<p>11.11. Қоғамның Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарлама Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне толтырылған бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталатын күнге дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын жіберіледі.</p> <p>Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге, оған Қоғамның Корпоративтік хатшысы мен Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қоюға тиіс.</p> <p>Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде ол осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерімен қоса Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.</p>	<p>11.11. Совет директоров Общества вправе принимать решения посредством заочного голосования. Уведомления о проведении заочного голосования направляются членам Совета директоров Общества не менее чем за 1 (один) рабочий день до даты окончания срока представления заполненных бюллетеней.</p> <p>Решение посредством заочного голосования признается принятым при наличии кворума в полученных в установленный срок бюллетенях. Решение заочного заседания Совета директоров Общества должно быть оформлено в письменном виде, подписано Корпоративным секретарем и Председателем Совета директоров Общества.</p> <p>В течение 20 (двадцати) дней с даты оформления решения оно должно быть направлено членам Совета директоров Общества с приложением копий бюллетеней, на основании которых было принято данное решение.</p>
<p>11.12. Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, оны отырысқа төрағалық еткен тұлға және Қоғамның Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде жасауға және қол қоюға тиіс және олар келесілерді қамтуы тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері; 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны; 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер; 4) отырыстың күн тәртібі; 5) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары; 6) қабылданған шешімдер; 	<p>11.12. Решения Совета директоров Общества, которые были приняты на его заседании, проведенном в очном порядке, оформляются протоколом, который должен быть составлен и подписан лицом, председательствовавшим на заседании, и Корпоративным секретарем Совета директоров Общества в течение 7 (семи) дней со дня проведения заседания и содержать:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) полное наименование и место нахождения Правления Общества; 2) дату, время и место проведения заседания; 3) сведения о лицах, участвовавших в заседании; 4) повестку дня заседания; 5) вопросы, поставленные на голосование, и итоги голосования по ним с отражением результата голосования каждого члена Совета директоров Общества по каждому вопросу повестки дня заседания Совета директоров Общества; 6) принятые решения;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.	7) иные сведения по решению Совета директоров Общества.
<p>11.13. Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған хаттамадан үзінділер мен шешімдерді беруге міндетті.</p>	<p>11.13. Протоколы заседаний Совета директоров Общества и решения Совета директоров Общества, принятые путем заочного голосования, хранятся в Обществе.</p> <p>Секретарь Совета директоров Общества по требованию члена Совета директоров Общества обязан предоставить ему протокол заседания Совета директоров Общества и решения, принятые путем заочного голосования, для ознакомления и (или) выдать ему выписки из протокола и решения, заверенные подписью уполномоченного работника Общества.</p>
<p>11.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі АҚ туралы Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.</p>	<p>11.14. Член Совета директоров Общества, не участвовавший в заседании Совета директоров Общества или голосовавший против решения, принятого Советом директоров Общества в нарушение порядка, установленного Законом об АО и Уставом Общества, вправе оспорить его в судебном порядке.</p>
<p>11.16. Акционер, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, Қоғамның Директорлар кеңесінің АҚ туралы Заңның және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.</p>	<p>11.15. Акционер вправе оспаривать в суде решение Совета директоров Общества, принятое с нарушением требований Закона об АО и Устава Общества, если указанным решением нарушены права и законные интересы Общества и (или) Акционера.</p>
12. Қоғам басқармасы	12. Правление Общества
<p>12.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.</p> <p>Басқарма Қоғам қызметінің АҚ туралы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қоғамның Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.</p> <p>Қоғам Басқармасының отырыстарын Қоғам Акционерінің немесе Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірінің талабы бойынша қажеттілігіне қарай Басқарма Төрағасымен шақырылады. Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған</p>	<p>12.1. Руководство текущей деятельностью Общества осуществляется Правлением Общества.</p> <p>Правление вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Общества, не отнесенным Законом об АО, иными законодательными актами Республики Казахстан и Уставом Общества к компетенции других органов и должностных лиц Общества.</p> <p>Заседания Правления Общества созываются Председателем Правления, по требованию Акционера Общества или не менее одной трети членов Совета директоров Общества по мере необходимости. Решения Правления Общества оформляются протоколом,</p>

<p>отырысқа қатысып отырған Басқарманың барлық мүшелері мен хатшысы қол қоюға және дауыс беруге қойылған мәселелерді, олар бойынша дауыс берудің қорытындыларын қамтуға тиіс, әрбір мәселе бойынша Басқарма әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіледі.</p> <p>Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.</p> <p>Басқарма Акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.</p> <p>Дауыстар тең болған жағдайда, Қоғам Басқармасы Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының отырысына төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.</p> <p>Қоғам өзінің Басқармасы Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығына, егер мәмілені жасау кезінде тараптар мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, дау айтуға құқылы.</p>	<p>который должен быть подписан всеми присутствующими на заседании членами Правления и секретарем, и содержать вопросы, поставленные на голосование, итоги голосования по ним с отражением результата голосования каждого члена Правления по каждому вопросу.</p> <p>Передача права голоса членом Правления Общества иному лицу, в том числе другому члену Правления Общества, не допускается.</p> <p>При равенстве голосов голос Председателя Правления Общества или лица, председательствующего на заседании Правления Общества, является решающим.</p> <p>Правление обязано исполнять решения Акционера и Совета директоров Общества.</p> <p>Общество вправе оспаривать действительность сделки, совершенной его Правлением Общества с нарушением установленных Обществом ограничений, если докажет, что в момент заключения сделки стороны знали о таких ограничениях.</p>
<p>Қоғамның Акционері болып табылмайтын қызметкерлері Қоғам Басқармасының мүшелері бола алады. Қоғамның басқармасы 3 (үш) адамнан тұрады.</p> <p>Қоғам Басқармасының мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.</p> <p>Қоғам Басқармасының төрағасы атқарушы органның басшысы не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқаруға не қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлға филиалының басшысы лауазымын атқаруға құқылы емес.</p> <p>Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері АҚ туралы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен айқындалады. Қоғам атынан Қоғамның Басқарма Төрағасымен еңбек шартына</p>	<p>12.2. Членами Правления Общества могут быть работники Общества, не являющиеся его Акционером. Правление Общества состоит из 3 (трех) человек.</p> <p>Член Правления Общества вправе работать в других организациях только с согласия Совета директоров Общества.</p> <p>Председатель Правления Общества не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа другого юридического лица, либо занимать должность руководителя филиала иностранного юридического лица, предметом деятельности которого является оказание финансовых услуг.</p> <p>Функции, права и обязанности члена Правления определяются Законом об АО, иными законодательными актами Республики Казахстан, Уставом Общества, а также трудовым договором, заключаемым указанным лицом с Обществом. Трудовой договор от имени Общества с Председателем Правления Общества подписывается Председателем Совета</p>

<p>Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Акционердің шешімімен осыған уәкілеттік берілген тұлға немесе Қоғамның Директорлар кеңесі қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Қоғам Басқармасының Төрағасы қол қояды.</p>	<p>директоров Общества или лицом, уполномоченным на это решением Акционера или Советом директоров Общества. Трудовой договор с остальными членами Правления подписывается Председателем Правления Общества.</p>
<p>12.3. Басқарма төрағасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады; 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді; 3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді; 4) Қоғам қызметкерлерін (АҚ туралы заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және Қоғамның штат кестесіне сәйкес жалақыларға дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды және Қоғамның Ішкі аудит қызметі; 5) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді; 6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі; 7) Қоғамның Жарғысында және Қоғамның Акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады. 	<p>12.3. Председатель Правления:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) организует выполнение решений Акционера и Совета директоров Общества; 2) без доверенности действует от имени Общества в отношениях с третьими лицами; 3) выдает доверенности на право представления Общества в его отношениях с третьими лицами; 4) осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Общества (за исключением случаев, установленных Законом об АО), применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает размеры должностных окладов работников Общества и персональных надбавок к окладам в соответствии со штатным расписанием Общества, определяет размеры премий работников Общества, за исключением работников, входящих в состав Правления, и Службы внутреннего аудита Общества; 5) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на одного из членов Правления; 6) распределяет обязанности, а также сферы полномочий и ответственности между членами Правления; 7) осуществляет иные функции, определенные Уставом Общества и решениями Акционера и Совета директоров Общества.
<p>13. Қоғамның ішкі аудит қызметі</p>	<p>13. Служба внутреннего аудита Общества</p>
<p>13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамның Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқармасының құрамына сайлана алмайды.</p>	<p>13.1. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью Общества образуется Служба внутреннего аудита Общества. Работники Службы внутреннего аудита не могут быть избраны в состав Совета директоров Общества и Правления Общества.</p>

<p>Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.</p>	<p>Служба внутреннего аудита непосредственно подчиняется Совету директоров Обществу и отчитывается перед ним о своей работе.</p>
<p>13.2. Ішкі аудит Қызметінің өкілеттіктері, сайлау тәртібі және қызметінің басқа да мәселелері Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тиісті ішкі құжатпен айқындалады.</p>	<p>13.2. Полномочия, порядок избрания и другие вопросы деятельности Службы внутреннего аудита определяются соответствующим внутренним документом, утверждаемым Советом директоров Общества.</p>
<p>14. Қоғамның Акционеріне оның қызметі туралы және Акционер мен Қоғамның лауазымды тұлғаларының олардың аффилирленген тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі</p>	<p>14. Порядок предоставления Акционеру Общества информации о его деятельности и Акционером и должностными лицами Общества информации об их аффилированных лицах</p>
<p>14.1. Қоғам АҚ туралы заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Акционердің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты Акционердің назарына жеткізеді.</p> <p>Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты жария етуді жүзеге асыруға міндетті.</p> <p>Қоғамның ақпаратты жария ету тәртібі, Қоғамның жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ Қоғамның қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.</p> <p>Қоғамның ақпаратты жария ету тәртібі, жария етуге жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдері қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.</p> <p>Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізудің) өзге мерзімдері көзделмеген жағдайда, Қоғам бұл ақпаратты ол</p>	<p>14.1. Общество доводит до сведения Акционера и инвесторов информацию о своей деятельности, затрагивающую интересы Акционера Общества в соответствии с Законом об АО и Уставом Общества.</p> <p>Общество обязано осуществлять раскрытие на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности и интернет-ресурсе фондовой биржи информации в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» и нормативным правовым актом уполномоченного органа.</p> <p>Порядок раскрытия Обществом информации, требования к содержанию информации, подлежащей раскрытию Обществом, а также сроки раскрытия Обществом информации на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности устанавливаются нормативным правовым актом уполномоченного органа.</p> <p>Порядок раскрытия Обществом информации, требования к содержанию информации, подлежащей раскрытию, а также сроки раскрытия информации на интернет-ресурсе фондовой биржи устанавливаются внутренними документами фондовой биржи.</p> <p>В случае, если законодательством Республики Казахстан не предусмотрены иные сроки опубликования (доведения до сведения держателей ценных бумаг) информации о корпоративных событиях, данная информация раскрывается</p>

<p>туындаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ашады.</p>	<p>Обществом в течение 3 (трех) рабочих дней после даты ее возникновения.</p>
<p>14.2. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам Акционерге ұсынуға міндетті:</p> <p>1) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулерді сақтай отырып, осындай талап Қоғам Басқармасына келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей АҚ туралы Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін (Қоғам Жарғысының көшірмелерін қоспағанда).</p> <p>2) Қоғам Жарғысының көшірмелерін, 3 (үш) жұмыс күні ішінде. Қоғам Жарғының көшірмесін бергені үшін көшірмені дайындауға жұмсалатын шығыстардан, сондай-ақ оны жеткізу қажет болған жағдайда оны жеткізуге жұмсалатын шығыстардан аспайтын ақы алуға құқылы.</p> <p>Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қамтитын Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар Акционерге оның талап етуі бойынша танысу үшін ұсынылуға тиіс.</p> <p>Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның Басқармасына жазбаша нысанда өтініш жасайды.</p>	<p>14.2. По требованию Акционера Общество обязано предоставить Акционеру:</p> <p>1) копии документов, предусмотренных Законом об АО, не позднее 10 (десяти) календарных дней со дня поступления такого требования в Правление Общества (за исключением копии Устава Общества), с соблюдением ограничений на предоставление информации, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;</p> <p>2) копии Устава Общества, в течение 3 (трех) рабочих дней. Общество вправе взимать за предоставление копии Устава плату, которая не должна превышать расходы на изготовление копии, а также при необходимости ее доставки - расходы на ее доставку.</p> <p>Документы, регламентирующие отдельные вопросы выпуска, размещения, обращения ценных бумаг Общества, содержащие информацию, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну, должны быть представлены для ознакомления Акционеру по его требованию.</p> <p>Акционер в целях получения информации обращается в Правление Общества в письменной форме.</p>
<p>14.3. Қоғам Акционердің талабы Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей мына шарттардың ең болмағанда біреуі болған кезде құжаттардың көшірмелерін беруден бас тартуға құқылы:</p> <p>1) Акционер талап қойған күні Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған сұраным салынған құжаттың электрондық нұсқасы;</p> <p>2) Акционердің оны ұсыну туралы бірінші талабын Қоғам толық көлемде орындаған жағдайда, құжат соңғы 3 (үш) жыл ішінде қайталап сұратылады;</p>	<p>14.3. Общество вправе не позднее 10 (десяти) календарных дней со дня поступления в Общество требования Акционера, отказать в предоставлении копии документов при наличии хотя бы одного из следующих условий:</p> <p>1) электронная версия запрашиваемого документа на дату предъявления Акционером требования размещена на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан о рынке ценных бумаг и об акционерных обществах;</p> <p>2) документ запрашивается повторно в течение последних 3 (трех) лет при условии, что первое требование Акционера о его предоставлении было исполнено Обществом в полном объеме;</p>

<p>3) орындалуы Акционер талаппен жүгінген күні жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, құжат Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (талаппен жүгінген күнге дейін 3 (үш) жылдан астам) жатады;</p> <p>4) орындалуы тұлғаның Қоғам акцияларын иелену кезеңінде жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, құжат Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (тұлғаның Қоғам акцияларын сатып алу күніне дейін он екі айдан астам) жатады.</p>	<p>3) документ относится к прошлым периодам деятельности Общества (более 3 (трех) лет до даты обращения с требованием), за исключением документов по сделкам, исполнение по которым осуществляется на дату обращения Акционера с требованием;</p> <p>4) документ относится к прошлым периодам деятельности Общества (более двенадцати месяцев до даты приобретения лицом акций Общества), за исключением документов по сделкам, исполнение по которым осуществляется в период владения лицом акциями Общества.</p>
<p>14.4. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.</p> <p>Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Акционер болып табылатын тұлғаға қатысты ғана) жүргізеді.</p> <p>Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға ұсынуға міндетті.</p>	<p>14.4. Сведения об аффилированных лицах Общества не являются информацией, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну.</p> <p>Общество ведет учет своих аффилированных лиц на основании сведений, представляемых этими лицами или центральным депозитарием (только в отношении лица, являющегося Акционером в порядке, установленном уполномоченным органом).</p> <p>Физические и юридические лица, являющиеся аффилированными лицами Общества, обязаны представлять Обществу в течение 7 (семи) дней со дня возникновения аффилированности сведения о своих аффилированных лицах.</p>
<p>14.5. Акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары жазбаша сұранымды алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде олардың аффилирленген тұлғалары туралы сұратылған ақпаратты ұсынады.</p>	<p>14.5. Акционер и должностные лица Общества в течение 7 (семи) календарных дней с даты получения письменного запроса предоставляют запрашиваемую информацию об их аффилированных лицах.</p>
<p>14.6. Акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары аффилирленген тұлғалар құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты осындай өзгерістер туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде ұсынады.</p>	<p>14.6. Акционер и должностные лица Общества предоставляют информацию об изменениях в составе аффилированных лиц в течение 7 (семи) дней со дня возникновения таких изменений.</p>
<p>15. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату</p>	<p>15. Реорганизация и ликвидация Общества</p>
<p>15.1. Қоғам Акционердің шешімі бойынша, не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.</p>	<p>15.1. Общество может быть реорганизовано и ликвидировано по решению Акционера либо по иным основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.</p>

<p>15.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі АҚ туралы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.</p>	<p>15.2. Порядок реорганизации и ликвидации Общества регулируется Законом об АО и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.</p>
<p>16. Қорытынды ережелер</p>	<p>16. Заключительные положения</p>
<p>16.1. Қоғам өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.</p> <p>Егер Қоғам Жарғысының қандай да бір ережелері жарамсыз болып қалса, бұл Қоғам Жарғысының қалған ережелерінің шындығын қозғамайды. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан жол берілетін басқа ережемен ауыстырылады.</p>	<p>16.1. Общество в своей деятельности руководствуется настоящим Уставом и законодательными актами Республики Казахстан.</p> <p>Если какое-либо из положений Устава Общества становится недействительным, это не затрагивает действительности остальных положений Устава Общества. Недействительное положение заменяется другим, допустимым в правовом отношении, положением.</p>
<p>16.2. Қоғамның лауазымды тұлғалары:</p> <p>1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Акционердің мүдделерін барынша жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдаланады;</p> <p>2) Қоғамның мүлкін пайдалануға немесе оны Қоғам Жарғысына және Акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетін, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге және өзінің аффилирленген тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдалануға тиіс емес;</p> <p>3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;</p> <p>4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылайды;</p> <p>5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтатылған кезден бастап үш жыл бойы сақтауға міндетті.</p>	<p>16.2. Должностные лица Общества:</p> <p>1) выполняют возложенные на них обязанности добросовестно и используют способы, которые в наибольшей степени отражают интересы Общества и Акционера;</p> <p>2) не должны использовать имущество Общества или допускать его использование в противоречии с Уставом Общества и решениями Акционера и Совета директоров Общества, а также в личных целях и злоупотреблять при совершении сделок со своими аффилированными лицами;</p> <p>3) обязаны обеспечивать целостность систем бухгалтерского учета и финансовой отчетности, включая проведение независимого аудита;</p> <p>4) контролируют раскрытие и предоставление информации о деятельности Общества в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан;</p> <p>5) обязаны соблюдать конфиденциальность информации о деятельности Общества, в том числе в течение трех лет с момента прекращения работы в Обществе, если иное не установлено внутренними документами Общества.</p>
<p>16.3. Реттеу тәртібі осы Жарғыда және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерінде айқындалмаған мәселелер Қазақстан</p>	<p>16.3. Вопросы, порядок урегулирования которых не определен настоящим Уставом и другими внутренними документами Общества, решениями органов и должностных лиц</p>

Республикасының заңдарына сәйкес шешілуге тиіс.	Общества, подлежат разрешению в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
Жалғыз құрылтайшының өкілі /Представитель Единственного учредителя: <i>Лапин Алексей Владимирович</i>	

Республика Казахстан, город Алматы, одиннадцатое марта две тысячи двадцать пятого года, настоящий устав удостоверен мной, Тарасенко Еленой Викторовной, нотариусом города Алматы, действующим на основании государственной лицензии № 22013451 от 18 июля 2022 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан. Свидетельствую подлинность подписи гражданина Лапина Алексея Владимировича, которая сделана в моем присутствии. Личность установлена, дееспособность проверена.

Зарегистрировано в реестре за № 491
Взыскано: ст.30-1 Закона «О нотариате»
Нотариус:




Нөмірленген және баулықталған
Пронумеровано и прошнуровано
26 (двадцать шесть)
парақта/страницах
тариус



[Handwritten signature]

